

1. Климаттың өзгеруі

Климаттың өзгеруі қазіргі заманның өзекті мәселесі және Топ әлемдік экономиканы декарбонизациялаудың маңызы мен өзектілігіне қатысты әлемде қол жеткізілген консенсусқа қосылады.

Топ индустрияға дейінгі деңгейден 2°C-ден әлдеқайда төмен ұстау және ағымдағы ғасырдың екінші жартысына дейін температураның 1,5°C-қа дейін өсуін шектеуге күш салу жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Негіздемелік конвенциясында және Париж келісімінде көрсетілген климаттың өзгеруі саласындағы жаһандық мақсаттарды толық қолдайды және бұл мақсаттарға ұжымдық жаһандық күш-жігер мен әрекеттің арқасында қол жеткізуге болады деп санайды. Топ бұл мәселені шешуде, соның ішінде парниктік газ шығарындыларының деңгейі төмен экономикаға жаһандық көшуді қамтамасыз етуге септесер марганец және алюминий, кобальт пен мыс қатарлы металдардың жеткізілімдері арқылы үлес қосуға тырысады.

Тау-кен және металлургия секторлары сыртқы стейкхолдер инвесторлар, қаржы қызметтерін көрсетушілер, клиенттер мен үкіметтер тарапынан өздерінің декарбонизация деңгейіне қатысты назарда болады.

Жұмысты жетілдіру қамындағы Топтың мақсаттары:

а) климаттың өзгеруі жағдайында Топтың қызметін басқарудың тиімді жүйесін құру;

б) климаттың антропогендік өзгеруіне және өзгерістерге бейімделуге байланысты тәуекелдерді басқару бөлігінде Топтың жауапты бірыңғай тәсілін қалыптастыру;

в) Топтың климаттың өзгеруі стратегиясы, оның ішінде ұзақ мерзімді перспективада көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мәселелерінде ішкі және сыртқы стейкхолдерлермен тиімді коммуникацияны дамыту;

г) климаттың өзгеруінің негізгі жаһандық мәселесі туралы Топ ішінде хабардарлықтың арттыру.

2. Қағидаттар

2.1 Климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру

Топ:

а) Топ кәсіпорындары орналасқан өңірлерде қабылданған климат және ПГ шығарындылары бойынша қолданыстағы және/немесе болашақ нормаларға қызметтің сәйкестігін қамтамасыз етуге;

б) Топтың бүкіл құн тізбегі бойынша бизнес шешімдерінде ПГ шығарындыларының құнын ескеруге;

в) экологиялық және климаттық реттеуге байланысты әлеуетті шығындарды азайту мақсатында көміртегі бірліктерін сату нарықтарын (шығарындыларға берілген рұқсаттар және/немесе ПГ шығарындыларын азайтудан пайда болған әсерлер) пайдалануға ниетті;

г) климат өзгеруінің Топтың қызметіне әлеуетті ұзақ мерзімді әсерін айқындау және біздің кәсіпорындар орналасқан өңірлердің жергілікті қауымдастықтарына әлеуетті әсерін ескере отырып, қажетті ден қою шараларын әзірлеуге ниетті.

2.2 Біздің өнімнің өмірлік циклындағы көміртегі ізін азайту

Топ:

а) өнімнің негізгі түрлері үшін көміртегі ізінің есебін жүргізу (1, 2 және 3 қамту салалары);

б) көміртекті бейтараптыққа қол жеткізуге дейін ПГ шығарындыларын азайтудың негізделген орта және ұзақ мерзімді мақсаттарын белгілеуге, 2050 жылға қарай қармап қалу мен сіңіруді ескере отырып, шығарындыларды болдырмауға ұмтылуға;

а) ағымдағы және болашақ қызмет үшін төмен көміртекті энергия көздері ретінде жаңартылатын энергетика жобаларының портфелін дамытуға;

б) технологиялық бейтараптық қағидатына сүйене отырып, негізгі өндірістердің энергиясын, ресурстарын және қалдықтарын пайдалану тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды қоса алғанда, көміртегі ізін азайту мүмкіндіктерін анықтау және оларға басымдық беруге;

в) 3-ауқым шығарындыларын есептеу және коммуникацияларды жандандыру арқылы серіктестерімізді, мердігерлерімізді және жеткізушілерімізді олардың көміртегі ізін бағалауға және азайтуға ынталандыруға ниеттіміз.

2.3 Климаттың өзгеру аспектілерін шешім қабылдау стратегиясы мен процесіне енгізу

Топ:

а) климаттың өзгеруіне және көміртегі шығарындылары төмен экономикаға көшуге байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтау, бағалау, кейінгі Топтың ғаламшардың климаттық әсеріне қосқан үлесін азайту мақсатына негізделген тәуекелдерді басқару стратегиясын әзірлеуге;

б) Топтағы құн тізбегі бойынша шешім қабылдау процесіне климаттың өзгеру аспектілерін қосуды қамтамасыз етуге;

в) климаттың өзгеруі саласындағы білім базасын және сараптаманы дамытуға ниетті.

2.4 Мүдделі тараптармен ынтымақтастық және әріптестік қатынастарды дамыту есебінен ПГ шығарындыларының төмен деңгейі бар экономикаға көшуді жеделдету

Топ:

а) біздің серіктестеріміз бен мердігерлеріміздің бүкіл құн тізбегі бойынша ПГ шығарындыларын азайтуды ынталандыруда ең алдымен контрагенттерді климаттың өзгеруіне антропогендік әсерді азайту бөлігіндегі Топтың басымдықтары туралы хабардар ету арқылы жетекші рөл атқаруға;

б) бастамашыл ұсыныстарды қалыптастыру, ПГ шығарындыларын азайтуды ынталандыратын болжамды ұзақ мерзімді жағдайларды қамтамасыз ету және ресурстарды қайта өңдеу мен қайта пайдалануды қоса алғанда, айналмалы экономиканы ілгерілету үшін сараптама мен түсініктемелер беру арқылы климаттың өзгеруі саласындағы тиімді және негізделген мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысуға;

в) төмен көміртекті экономикаға көшуді қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, климаттық тәуекелдерді іске асыруға байланысты жұмыс орындары мен әл-ауқатына қауіп төніп тұрған Топ кәсіпорындары орналасқан аймақтардағы жұмысшылар мен жергілікті қауымдастықтарға қолдау көрсетуге;

г) металлургиялық және тау-кен өндірушілерімен, сондай-ақ технологиялық және ғылыми-зерттеу компанияларымен, мамандандырылған акселератор тұғырнамаларымен және басқа да нысандармен серіктестіктер арқылы төмен көміртекті технологиялар саласындағы инновацияларды ынталандыруға;

д) ERG жасыл қаржыландыру саясатына сәйкес, Топтың климаттың өзгеру мақсаттарына жету үшін мүмкіндігінше және тиімді түрде тұрақты қаржыландыру құралдарын пайдалануға ниет білдіреді.

2.5 Климаттық есептіліктің ашықтығын арттыру

Топ:

а) 2022 жылғы нәтижелерден бастап Топтың ПГ шығарындыларын түгендеу туралы деректерді, 2023 жылғы нәтижелерден бастап - тәуелсіз ұйымдар растаған түгендеу деректерін тиісті жылдық есептерде (орнықты даму туралы есепте, интеграцияланған есепте) жариялауға;

б) тиісті жылдық есептерде (орнықты даму туралы есеп, интеграцияланған есеп) климатқа байланысты мақсаттар мен міндеттерді жариялауға және алға қойылған мақсаттарға жету барысы туралы ашық есеп беруге;

в) TCFD талаптары мен ұсыныстарын ескеріп, үздік тәжірибелерге сәйкес келуге ұмтыла отырып, климатқа қатысты есептердің ауқымы мен мазмұнын кеңейтуге ниетті.